








Автор: Злиха Сембаева Асқарқызы
Пән: Қазақстан тарихы
Сынып: 6-сынып
Бөлім: VI - IX ғасырлардағы Қазақстан
Тақырып: Көне түріктердің жазуы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	6.2.3.1 – көне түркі жазуының маңызын түсіндіру
Сабақтың мақсаты:	Түркі дәуірінің атақты тұлғаларының қызметін саралау арқылы VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін талдайды.
Тілдік мақсаттар:	Күлтегін жазбасы және Білге ескерткіштерінен үзінді мәтінмен жұмыс жасайды (оқылым дағдысы). Түркі жазба ескерткіштерінің маңыздылығын дәлелдейді (айтылым дағдысы) Диалог пен жазуға пайдалы сөздер тізбегі: ... дерегі маңызды, себебі... Қағанның тұсындағы ең басты өзгерістер / жетістіктер болды... оған қарағанда маңыздырақ болды, өйткені... Бұл оқиға /өзгеріс маңызды болды / айтарлықтай, өйткені... Пәндік лексика мен терминология: Қаған,қағанат, Шығыс Түрік қағанаты, руна, бітік тас, құлпытас, дерек, түпнұсқа дерек, әлеумет, әлеуметтік топ.
Күтілетін нәтиже:	Оқушының жаңа тақырыпты толық меңгеруі
Бағалау критерийлері:	Түрік жазба ескерткіштерінің маңыздылығын дәлелдейді.
Құндылықтарды дарыту:	«Мәңгілік Ел» идеясы: «Тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы» құндылығы түркілердің жазуының тарихи маңыздылығын түсіну барысында жүзеге асады
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интерактивті тақта және жеке-жеке компьютермен тапсырмаларды орындау.
Пәнаралық байланыс:	Қазақ тілі пәні пәнінен алған білім және білік дағдыларын тарихи тұлғаға мінездеме жазу кезінде қолданады Қазақ әдебиетінен алған білімдерін Күлтегін жырының мазмұнын талдау барысында қолданады
Бастапқы білім:	VI – IX ғасырлардағы Қазақстан аумағындағы ерте орта ғасырлық мемлекеттер мен олардың қағандарын біледі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5мин)	<p>Б</p> <p>Тақтаға ЕҰУ-не көшірмесі әкелінген Күлтегін ескерткішінің суретін шығарып қойыңыз. Сұрақтар қою:</p> <p>Суретте қандай ескерткіш берілген?</p> <p>Ол қай жерде орнатылған?</p> <p>Ескерткіш қай жерден әкелінген?</p> <p>Неліктен қазақ жеріне бұл ескерткіштің көшірмесі әкелінді?</p> <p>Түркі жазба ескерткіштерінің маңыздылығы неде?</p> <p>Оқу мақсаты мен бағалау критерийлерін таныстырыңыз.</p> 	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (30мин)	<p>Зерттеу</p> <p>1-тапсырма.</p> <p>Т/Ж Тасқа қашап жазылған Күлтегін, Тонькөк жырларын оқып, тыңдап бұл ескерткіштердің тарихи маңызын дәлелде.</p> <p>https://bilimland.kz/kk/subject/qazaqstan-tarihy/6-synyp/kone-turki-zhazuy?mid=4:simple</p>  <p>Бағалау критерийі: Түрік жазба ескерткіштерінің маңыздылығын дәлелдейді.</p> <p>Дескрипторлар:</p> <p>Жазба ескерткіштердің тарихи дерек ретіндегі маңызына 3 дәлел келтіреді;</p> <p>Түркі халықтарының рухани мұрасы ретіндегі маңызына 2 дәлел келтіреді.</p> <p>2-тапсырма.</p> <p>Т/Ж «9 гауһар тас» тапсырмасы Орхон-Енисей ескерткіштерінің Білге қаған мен Күлтегіннің мемлекетті нығайтудағы саясаты туралы ең маңызды дерек көзі екендігін дәлелде. Дәлелдерді маңыздылығына қарай орналастыру керек. Алдыңғы тапсырмада ұсынған дәлелдерді қолдана алады.</p> <p>Бағалау критерийі: Түрік жазба ескерткіштерінің маңыздылығын дәлелдейді.</p> <p>Дескриптор: Жазба ескерткіштерден Білге мен Күлтегін туралы ең маңызды ақпаратты дәлел ретінде көрсете алады. Дәлелдерді маңыздылығына қарай орналастырады. Маңыздылық ретін негіздеп түсіндіреді.</p> <p>3-тапсырма.</p> <p>https://bilimland.kz/kk/subject/qazaqstan-tarihy/6-synyp/kone-turki-zhazuy?mid=5:expressions</p>  <p>https://bilimland.kz/kk/subject/qazaqstan-tarihy/6-synyp/kone-turki-zhazuy?mid=9:choice</p> 	<p>Image not found of type unknown</p>  <p>Bilimland.kz</p>

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (2мин)	Осы тақырып бойынша қосымша іздену	
Рефлексия (3мин)	Рефлексия Білемін Білдім Білгім келеді	